

ХАТТАМА
**сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін
талқылау**

Балпық би ауылы

10.12.2024ж.

Төрағасы: Сырымов Ж.М.

Қатысқандар: ШЖҚ «Көксу аудандық орталық ауруханасы» ұжымы

Күн тәртібі:

1 ШЖҚ «Көксу аудандық орталық ауруханасы» МҚҚ-ның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі жүргізген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпты талқылау .

Аурухана заңгері С.Б.Нұржігітова баяндады:

Сыйбайлас жемқорлықпен күресу, қогамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парапорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған корытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындағы қылмыстардың барлығы жемқорлық сыйбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Бұғінде Қазақстан Республикасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыйбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Қазақстанда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған. Қазір елімізде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады. Осы бағытта бірқатар бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, мемлекеттік қызмет істері мен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында міндеттерді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылған, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес аясында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыйбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін

қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыйбайлар жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы. Яғни, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шенберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыйбайлар жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыйбайлар жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Бала кезінен тұлғаны қазақстандық париотизм және сыйбайлар жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ. Сондықтан сыйбайлар жемқорлыққа қарсы орган жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткені бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдармен жасайтын кез келген қарым-қатынасы, бір жағынан, сыйбайластықтан құрылған қызмет түрін қабылдаумен байланысты.

Комплаенс офицер Нұржігітова С.Б.

